

маусымда Николаевск уезд, Кеңарал болысы № 4 ауылда ашылды. 1894 жылы Торғай облысында барлығы 172 бала оқыған 19 ауыл мектебі болды. Қазақ жастары үшін арнайы оқытушылар мектебін ашу ісіне де Ыбырай зор көңіл бөліп, көп мән берді. Талмай іздену, тиісті орындарға жалықпай өтініш жасаудың, сондай-ақ оқытушылар мектебінің дала жағдайындағы ағарту ісі үшін айрықша қажет екендігін шебер дәлелдеудің нәтижесінде ол 1883 жылы Орск қаласынан қазақтың тұңғыш оқытушылар мектебін ашады. Алтынсарин жаңашыл ұстаз ретінде қазақ мектептеріне арналған оқулықтар жасады. Ұлы орыс халқының атақты ағартушыларының пайдалы әдістерін қолдана отырып оқулық жазуға кіріседі. Оның шығармаларында және хрестоматиялық материалдарында еңбекке тәрбиелеу, оның аса маңызды мәселе екендігі елеулі орын алды. Орыс – қазақ мектептеріне арнап Ибрагим Алтынсарин екі оқу құралдарын – «Қазақ хрестоматиясы» және «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралын» жазды.

1879 жылы «Қырғыз хрестоматиясы» деген жинақты шығарады.

«Қазақ хрестоматиясы» - қазақ мәдениетінің тарихындағы өзіндік үлкен орны мен маңызын айқындайтын факт. Өйткені хрестоматияға Ыбырай өзінің педагогтық мақсатына лайықтай жазған тәрбиелік мәні жоғары көптеген шағын әңгімелерін, өлеңдері мен ауыз әдебиеті үлгілерін, сондай-ақ, орыс педагогтері мен айтулы орыс қаламгерлерінен аударған шығармаларды енгізген болатын. Баршамызға бастауыш сыныптардан етене таныс, әрі ыстық «Кел, балалар, оқылық!» - «Қазақ хрестоматиясының» беташар өлеңі. Жазылғанына бір ғасырдан астам уақыт өтсе де, жас жеткіншектерді білімге, өнерге шақырған бұл өлеңнің маңызы, бір кезде Ыбырай армандаған «өнер-білімі бар жұртқа» - терезесі тең, шаңырағы биік, мәдениеті озық елге айналып отырған бүгінгі заманда да еш төмендемек емес. Қайта халқымен бірге жасасып, ұлы ағартушының арман - сәлемін жақсы күндерге жеткізген бұл тарихи туынды ұлы дала елінің, мәңгілік елінің жастарын білім бағына шақыра бермек.

Әдебиеттер тізімі:

1. М. Сералин. Мақалалары, публицистикалық шығармалары, поэмалары және аудармалары. Астана: «Аударма», 2002 ж.
2. М. Әуезов. Әр жылдар ойлары. Алматы: ҚМКӘБ, 1959 ж.
3. І.Омаров. Шабыт шалқары. Алматы: «Жалын», 1973 ж.
4. Б. Омарұлы. Зар заман поэзиясы, Алматы: «Білім», 2000 ж.
5. Ы. Алтынсарин. Собраниясочиненийтрехтомах. Алматы «Наука», 1976 г.
6. Ы. Алтынсарин . Қырғыз хрестоматиясы. Орынбор, 1879 ж.
7. Ы. Алтынсарин. Кел, балалар оқылық. Алматы: «Атамұра», 2006 ж.
8. А.Шаяхмет. Қазақтар қасіреті. «Арқа ажары». 2004ж., қараша
9. С. Сәдуақасов . Қазақ әдебиеті. «Халық кеңесі». 1992 ж. 11 желтоқсан
10. Ә. Дербісәлин. Ыбырай Алтынсарин . Алматы: «Арда», 2002 ж.
11. Н. Жәрімбетов . Тағдыры кермек тұлға. «Егемен Қазақстан» № 90-93-2010 ж. 12 наурыз.

ЖАС ОТБАСЫНДАҒЫ АЖЫРАСУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Шалгимбекова Алия Батырхановна
педагогика кафедрасының аға оқытушысы
Ахметбек Арайлым Дилдабекқызы,
Алмат Жансая Сүйіндікқызы
ҚМПИ, ПжП мамандығы 3 курс
Қостанай қ.

Аннотация

Бұл мақалада ажырасудың шектен тыс көбеюі, қазіргі таңда мемлекеттің, ғалымдардың тарапынан қолдауға мұқтаж жас отбасы ерекше қиындықтары туралы

мәселелер қарастырылады. Психолог ғалымдардың бұл мәселені зерттей келе, отбасының ойранын шығаратын себептерін қорсетеді.

Аннотация

В этой статье рассматриваются проблемы увеличение количества разводов на современном этапе, а также недостаточная поддержка в решении данной проблемы со стороны государства и общества. Психологи, исследуя эту тему, указывают основные причины разводов.

Abstract

The article deals with the problems of growing of amount of divorce nowadays and also deficient support solving the problem by the state and society. Psychologists indicate the main reasons of divorces in the process of researching the topic.

Түйінді сөздер: ажырасу, ажырасудың себептері, ерліз зайыптың арасындағы арақатынасы, қазақстандық отбасылардың заманауи мәселелері, отбасыдағы психологиялық ахуал.

Ключевые слова: развод, причины развода, взаимоотношения между мужем и женой, современные проблемы казахстанской семьи, психологический климат семье.

Keywords: divorce, the reasons of divorce, mutual relations between the husband and the wife, modern problems of the Kazakhstan family, psychological climate of the family.

Көптеген мамандардың пікірінше қазіргі заманғы қазақстандық отбасы шынайы дағдарысты кешіруде және қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі, адамдардың материалды жайлылығы мен өмір сүру деңгейі неғұрлым жоғары болса, дағдарыс соғұрлым айқын көрініс береді. Қазіргі таңда мемлекеттің, ғалымдардың тарапынан қолдауға мұқтаж жас отбасы ерекше қиындықтарды кешіруде. Танымалық американдық психолог Нельсон-Джоунс «... Жолға қойылған отбасылық қатынастар бұл – тіршілік ету, өмірлік маңызы бар бірінші дәрежелі мәселелердің санатынан. Жайсыз отбасы өзін-өзі төмен бағалайтын жайсыз адамдарды тәрбиелеп, оларды қылмысқа итермелейді, ақыры жан сырқатына, ішкілікке, нашақорлыққа, жоқшылыққа және өзге де әлеуметтік қиындықтарға ұласуы мүмкін», - деп есептейді. Егер біз отбасы адамның нағыз ізгілендіруші тәрбиеге қол жеткізе алатын орынға айналуына бар күшімізді салатын болсақ, біз айналамызда едәуір қауіпсіз және адами ортаны қамтамасыз ете аламыз. Отбасы шынайы адал адамдарды қалыптастыру ортасына айналуы ықтимал» [1].

Ажырасу көрсеткіші екі жыныс бойынша 2004 жылмен салыстырғанда 2014 жылы азайған. Ерлер бойынша ажырасу 0,9%-ға, әйелдер бойынша 1,2%-ға төмендеген. Соған қарамастан ерлерде әйелдерге қарағанда ажырасу екі есе аз. Әйелдерде 7% болса, ерлерде 3,5% құрайды. Келесі кезекте ажырасу көрсеткішін анықтаймыз. Ерлер бойынша ажырасудың жоғарғы көрсеткіші Қарағанды облысында – 5,3%, Қостанай облысында – 5,2%, Павлодар облысында – 4,9%. Әйелдер бойынша ажырасу Қарағанды облысында – 9,4%, Алматы қаласында – 9,3%, Павлодар облысында – 9,2%, Қостанай облысында – 9,0% жоғарғы деңгейде. Бұл аталған аймақтарда басқа ұлт өкілдерінің қоныстануымен түсіндіріледі. Қазақтар басымырақ орналасқан аймақтарда, әсіресе Оңтүстік Қазақстан облысы мен Атырау облыстарында ажырасу сирек кездеседі. Бұл аталған өңірде салт-дәстүр, әдет-ғұрыптардың сақталуымен, жоғарғы буын өкілдерінің әсерімен байланысты. Ажырасу көрсеткіштеріне тоқтала отырып, оның негізгі себептерін анықтаймыз. Респонденттерге сауалнама жүргізе отырып ажырасудың басты себептері зерттелді [2].

Психолог ғалымдар бұл мәселені зерттей келе, айрандай ұйыған отбасының ойранын шығаратын себептерге: отбасындағы дау – жанжалдар, өзара сенімсіздік пен өтірікке бой алдыру, бірін - бірі орынсыз қызғану, бір – біріне тиісінше көңіл аудармау, көзге шөп салу, кедейлік (күнделікті қажетті тұрмыстық заттардың жоқтығы), қарыздар мен үй проблемасы, ерлі – зайыптылардың өмірге деген көзқарас

айырмашылығын жатқызса, соның ішінде – ішімдік, зинақорлық, нашақорлық, құмар ойындар сынды шайтани істерді негізгі себептерден деген [3].

Көп жағдайда дұрыс құрылмаған қарым-қатынас пен отбасының ойрандалуы тікелей өзімізге, серігімізге, жұбайымызға, тағдырымызға байланысты деп кінәлаймыз. Негізінен ажырасудың алдын-алу - қарым-қатынасты дұрыс құрудан басталады. Отбасын құру оңай шару емес, сондықтан оған үлкен дайындықпен келу қажет. Психологтардың айтуынша, ажырасудың шектен тыс көбеюі- адамдардың өмірлік серік таңдағанда оның жан-дүниесіне үңілмей, сыртқы факторларға қарап қана бағалап таңдауынан болады. Сонымен бірге, жастардың материалдық қиындық көріп, оған шыдамай жататындықтары да – басты себептердің бірі. Демек, *дайындық* болуы керек. Осы орайда психологтар ерлі-зайыптыларға мынадай ұсыныстарды ұсынады: бір-біріңізге ауыр сөздерді айтудан аулақ болыңыз. Себебі ондай сөздер, қылықтар кешіріледі, бірақ ұмытылмайды: проблемаларыңыз бен қиындықтарыңызды үнемі бір-біріңізге жүктеуден қашыңыз. Адам- шағымнан, жылап-сықтаудан, күн сайынғы сіздің құрбандықтарға барып жатырмын деген міндетсінулеріңден тез жалығады, шаршайды; компромиске келу. Отбасы-бұл бір шаңырақ. Түсіністік танытатын кезде, жандайға кіруге, барлығы ой елегінен өткізіп екеуіңізге де пайдалы болатындай шешім жасауға болады. Егер біріңіз құрбандыққа бару керек болсаңыз, барыңыз. Ол сіздің отбасыңыз үшін жасалатын қадам; ренішіңіз болса, өкпеніз қара қазандай болғанша үндемей жүре бермей, жұбайыңызға білдіртіңіз, айтыңыз. Сөйлесу мен әңгімелесу жоқ жерде- дұрыс отбасын құру деген бос иллюзия. Себебі неке- ұзақ әңгімелесу.

Психолог Артем Толоконин қазіргі таңда «отбасы» ұғымы өз мәнін жоғалтып, «ерлі-зайыптылардың одағы» деген мағынаға ойысып бара жатқанын айтады. «Қазіргі некедегі басты тенденциясы оның кеш орын алуы. Көп жағдайда жас кезде некеге тұратындар тез ажырасып кетіп жатады. 25 жасқа дейін адам қарым-қатынас жасаудың дұрыс жолдарын білмейді, дұрыс сөйлесуді, тілдесуді білмейді. Сондықтан некеге 25 жастан кейін отырған дұрыс»-дейді маман [4].

Ажырасудың салдары. Отбасының дәстүрлі құндылықтары сақталмаған соң, ерлі-зайыптылар ажырасып олардың артында «махаббатты, жылулықты сезінбеген», толыққанды отбасы деген ұғымның не екенін түсінбейтін балалар қалады. Ал бұл балалар үлкен өмірге қадам басқанда өз өмірлеріне де осы науқанды әдетке айналдыратыны дәлелденген. Мұндай отбасылардан (отбасы деуге келсе) өскен балалар толыққанды жеке тұлға болып қалыптасу кезінде түрлі қиындықтарға бой алдырып, шын мәнінде есеймеген бала күйінде қалады. Ажырасудың бала үшін тигізетін зардабы – бірінші мәселе болса, екінші жағынан ажырасу процесін орындаушыларға бұл үлкен трагедия. Себебі шын мәнінде жан-дүние мен адамның психологиясына күйзеліс әкелетін ажырасу нағыз – қайғы. Бұдан кейін адамның әсіресе әйелдер қауымының қайтадан өмір айналымына қайта ену ауыр әрі ұзақ процесс.

Ажырасқан ер адамдардың әйелдерге қарағанда қайта некеге тұру мүмкіндігі өте жоғары. Алайда ажырасқан ерлердің 50% сол күйінше үйленбей, жалғыз қалып қалады екен. Ал әйелдерге ажырасқан соң қайта некеге тұру үшін өте ұзақ уақыт, шашамен 10-15 жылдай керек екен.

Ажырасуды мүлдем болдыртпау, оған заңды тұрғыда тоқтау қою мүлдем дұрыс емес әрі мүмкін де емес. Алайда оған міндетті түрде тоқтау қажет. Және оған тоқтау бар. Себебі, шын мәнінде ажырасу- бұл өз әдеттерімізден айырылудан, серігіміз үшін өзгеруден бас тарту. Әдеттен арылуға болады. Ол үшін тек мықты күш-жігер керек [5].

Қорыта келе, отбасы қызметінің ортақ топтамасының маңызды қызметтеріне ұрпақ жалғастыру, тәрбиелеу, шаруашылық және өзара көмек көрсету деуге болады. Сондықтан, егер отбасын құруға екі жақ жоғары дайындықпен келсе, онда ерлі-зайыптылардың некедегі өмірге оңтайлы көзқарастары қалыптасады және некені бұзу салдары азайып, үйлесімділік орнайды. Бір отбасының бұзылуы, қаншама тағдырлар

мен қаншама шырылдаған балапандардың өмірінің ойран болуы. Ол дегеніміз болашағы кемел еліміздің жетілуіне титтей болмасын зиянын тигізбей қоймайды. Ажырасқан адам өзінің ғана өмірін құртып қана қоймай, қаншама адамның тағдырын шешеді десек те қателеспейміз. Сондықтан, біз жастар отбасын құруда қателеспей, болашақ бүгіннен басталарына аса назар аударып қарайық!

Әдебиеттер тізімі:

1. Нельсон-Джоунс Р. Теория и практика консультирования. Глава 1.– СПб: «Питер», 2000.
2. <http://group-global.org/ru/publication/49752-kazakstan-halkynyn-neke-zhagdayy>
3. <http://islam.kz/kk/articles/islam-jane-otbasy/ajyrasudyn-aldyn-alu-joldary-347/#gsc.tab=0>
4. Толоконин А. Секреты успешных семей. ISBN: 978-5-9684-2289-7. «Вектор», ст 192., 2015.
5. <http://www.qamshy.kz/article/neke-zhane-otbasi-azhiraswdinh-sebepteri-men-oni-aldin-alw.html>

МЕКТЕП ПЕН ЖАНҰЯ БІРЛІГІ НЕГІЗІНДЕ БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ

Шалгимбекова Алия Батырхановна
педагогика кафедрасының аға оқытушысы,
Жамал Жанар Жақсылыққызы,
Қуанышбек Назым Бауыржанқызы,
ҚМПИ, ПжП мамандығы 3 курс
Қостанай қ.

Аннотация

Аға ұрпақтың әлеуметтік тәжірибесін меңгерту, жастардың бос уақытын, демалысын тиімді ұйымдастыру, өздері қалаған шығармашылық жұмыстармен айналысуға барынша қолдау көрсетіп, жағдайлар тудызу, тәрбиешілердің білім дәрежелері мен шеберліктерін үнемі жетілдіріп отыру. Осы мәселелерді өскелең өмір талабына сай ұйымдастыру, жас ұрпақты үйлесімді етіп тәрбиелеудің негізі бұл мақалада болмақ.

Аннотация

В этой статье рассматриваются проблемы взаимодействия семьи и школы в воспитании подрастающего поколения, организации свободного времени молодежи, создание условий, поддержка и развитие их творческого потенциала, повышение квалификации и мастерства педагогов во взаимодействии с семьей.

Abstract

The article deals with problems of relationship between family and school at the upbringing of growing generation and using free time of the youth and also creating conditions, support and development of their creative potential, raising qualification and skills of the teachers in relationship with the family.

Түйінді сөздер: Мектеп және отбасылық байланыс, ата-аналар және балалар, ата-аналарды азарту, басшылықтың жауапкершілігі, үшжақты арақатынас байланысы: ата-аналар, мектеп және оқушылар.

Ключевые слова: школьные и семейные отношения, родители и дети, просвещение родителей, ответственность руководителя, тройной союз: родители, школа и ученики

Keywords: school and family relations, parents and children, education of the parents, responsibility of leader, triple alliance: parents, school and pupils

Ұлттық білім беру жүйесін отбасының білім беру үдерісіне белсенді қатысуынсыз жаңғырту мүмкін емес. Бүгінгі таңда жас буынды тәрбиелеуде отбасының әлеуметтік міндеті артып отыр. Себебі отбасы жеке тұлғаның қоғаммен өзара әрекеттестігінің негізгі құралы болып табылады. Ол – бала тәрбиесіндегі ең алғашқы әрі басты тәрбие субъектісі. Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» жолдауында: «...Оқушыларды қазақстандық патриотизм мен шығармашылық жағынан